

Тарихи анықтама

Жымпиты ауданы

№ 155

Жеке тектік қоры

« 06 » 01 2004 ж

Бахметов Мади Кашафутдинұлы 1925 жылы 19 сәуірде Жымпиты ауылы Жымпиты ауданы Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген.

(Негіздері: Қ-10, Т-2, І-54)

Әкесі Бахметов Кашафутдин 1881 жылы, анасы Бахметова Майжиан 1904 жылы Жымпиты ауданында туған, кедей шаруа отбасынан шыққан.

М.Бахметов 1942 жылы Жымпиты орта мектебінің 8 жылдық мектебін бітірді. 1943 жылы наурыз айында Отан қорғау үшін майданға аттанды. 325 гвардияның атқыштар полкының құрамында Варшава қаласын азат етуге, Берлинді алуға қатысып, Жеңіс күнін Потсдам қаласында қарсы алды. Соғыстан кейін әскери борышын өтеп 1949 жылы 14 сәуірде елге оралды.

Ауылға келгеннен кейін 1949 жылдан 1961 жылға дейін аудандық партия комитетінде техникалық хатшы, есепші, статист қызметтерін атқарды. 1961 жылдың 8 мамыр айынан бастап 9 наурыз 1992 жылға дейін аудандық мәдениет бөлімінде инспектор, халық театрының суретшісі қызметтерін жасады. *с.авсе*

М.Бахметов “Отан соғысы” орденімен (1985), көптеген медальдармен құрмет грамоталарымен марапатталған. Бүгінгі таңда Мади Кашафутдинұлы зайыбы Розамен 5 бала тәрбиелеп, немере сүйіп, қариялық мәнді ғұмыр кешуде.

БҚО мемлекеттік мұрағаттың Сырым филиалының бастығы: —

Е.Алы

Ғ.Рамазанов